

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл!!!

Міне, биыл Қазақ елі тәңірі берген Тәуелсіздігінің, арнайы азаттығының отызыншы жылына қадам басып отыр. Тәуелсіздік жеңіл келмейтіні туралы бәріне белгілі, бірақ оны сақтап және әрі қарай нығайту одан да қиын мәселелердің бірі болып табылады. Қазақ мемлекетінің түпкі негізі сонау сақтардан басталып, ғұн, қаңлы, қыпшақ, Ақ орда мен Қазақ хандығының жалғасы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекеті.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін жариялаған кезде Кеңес Одағының құрамынан соңғы болып шыққан мемлекеттің алдында көптеген қиындықтар тұрды. Мемлекеттегі жұмыссыздық, экономиканың құлдырауы, этникалық мәселелер де қазақ жерін тыс өткен жоқ. Мемлекетті сол кезде басқарған Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мемлекет басшылығын өз қолына алып, жаңадан пайда болған мемлекетті құлдыраудан сақтап, мемлекеттің социалистік жүйеден капиталистік жүйеге өтуін ұйымдастырды, ішкі саяси және этникалық тартыстарға жол бермей, мемлекетті ашық аспан мен тұрақты өмірге тартып, жолын көрсетті. Әлем қоғамының Қазақстанды тәуелсіз және бейбіт ел ретінде мойындауы тікелей Елбасының арқасында екені бәріне белгілі. Менің ойымша, болашағымызға бағдар беретін, ұлтты біріктіріп, ұлы мұраттарға жетелейтін Елбасымыздың «Мәңгілік ел» идеясының ұғымын, мазмұнын, мәңгілік мұраттарға қол жеткізудің құндылықтарын насихаттау, жас ұрпақтың санасына сіңіру – қазақ қоғамы үшін аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Біздің тірегіміз – Тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарға қол жеткізді.

Қазақстан – жедел дамып келе жатқан Орталық Азия аймағының көшбасшысы. Халық шаруашылығындағы елеулі прогресс кеңестік дәуірге тән негізін өндіруші салаларға сүйенетін экономикалық жүйені қайта құрылымдаудың арқасында қол жеткізілді.

Тәуелсіздікке қол қойылғаннан кейін бірқатар экономикалық реформалар, саяси реформалар жүргізілді, бұл республиканың халықаралық деңгейде беделінің едәуір жоғарылауына әкелді. Бүгінгі таңда Қазақстан батыс және шығыс мемлекеттерінің сенімді серіктесі ретінде белгілі, республика аймақтық және халықаралық ұйымдардың мүшесі болып табылады.

Өткен жылдар ішінде Қазақстан тиімді экономикалық реформаларды жүргізе отырып, жаңа мемлекеттің пайда болуын бастан кешірді. Қысқа тарихи кезеңде қазақстандықтар демократиялық, құқықтық және экономикалық тәуелсіз мемлекет құра алды.

2021 жылы 16 желтоқсанда еліміз өзінің 30 жылдық мерей тойын тойлайды. Осыған орай елімізде көптеген ауқымды халықаралық іс-шаралар аталып өтуде. Соның ішінде біздің Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті түрлі іс-шаралар ұйымдастыруда. Бұл іс-шаралар, мерей тойлардың арқасында тәуелсіздігіміздің қандай қиын, ауыр жолмен келгенін сезініп біліп отырамыз. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде аталып өтілетін іс-шаралар арқылы біз өзіміздің еліміздің патриоты екенімізді сезінуге, мақтан тұтуға деген қасиеттеріміз арта түседі. Тәуелсіздік тақырыбында өтілетін барлық іс-шаралардың арқасында біз еліміздің дамуына қандай да бір өзіміздің үлесімізді қосып, барлық мақсаттарымызды жүзеге асырып, болашаққа бастау аламыз.

Қазіргі таңда, 120-дан астам мемлекет Қазақстанмен ресми түрде танылды және дипломатиялық қатынастар орнатты. Қазақстан БҰҰ-ның толыққанды және белсенді мүшесі болып табылады, ЕО, ЕҚДБ, ХВҚ, Қызыл Крест, ЮНИСЕФ және ЮНЕСКО сияқты ең ыңғалды халықаралық ұйымдармен қатынастарды нығайтты. Қазақстан 40-тан астам көпжақты және 700-ге жуық екіжақты келісімдер мен шарттарға қосылды. 16 желтоқсанда елімізде түрлі шаралар мен меренелік іс-шаралар өтеді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен шыққан құттықтауларымды қабыл алыңыздар! Бұл ұлы мерене Қазақстан Республикасының еркіндігі мен күшінің нышаны болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан бері біздің халқымыз Қазақстанның ұлы тарихын жаңа жетістіктермен және табыстарымен жалғастырды. Тәуелсіздік жылдарында біз әлемдік қауымдастықтың мойындауына және үлкен ілгерілеуге қол жеткіздік.

Мырзахмет М.Ж., Махметова Дж. М., Луговская Е. И
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ



ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ - ЖАСТАРҒА ӨНЕГЕ

Патриотизм – бұл қайбір ұлттың болмасын жүрегінен орын алатын дүние. Әрбір ел өзінің халқын патриоттық сезімге баулуға тырысады. Бұл басты қағида. Ал енді адамның патриоттық сезімге толы жүрегінің болуы, ол сезімнің көңілде мәңгі орналасуы бала кездегі тәрбиеден басталады десек артық айтқанымыз болмас.

«Бала ұяда не көрсес, ұшқанда соны іледі» деген бұл жолдар өте орынды айтылған десек қателеспейміз. Қазіргі таңда бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген жөн, себебі баланың болашақтағы қозғалысы, міне осыған байланысты. Баланы қалай тәрбиелеген жөн және балаға нені үйреткен абзал, міне осы тұрғыда біздің бүгінгі айтылатын әңгімеміз кеңінен өрбитін болады. Біздегі тақырып, ол «Халық ауыз әдебиеті арқылы бастауыш сынып оқушыларын патриоттық сезімге тәрбиелеу». Бұл дегеніміз ба-

стауыш сынып оқушылардың патриоттық сезімін дамытудың басты жолы, ол осы халық ауыз әдебиеті болып табылады. Демек, ұстаз халық ауыз әдебиетіне сүйене отырып, халықтық құндылықтарды айта келе, мақал-мәтел, даналық сөздер, жаңылтпаш, жұмбақтарды байланыстыра келе, балаға дұрыс жолды көрсете алады. Бұл біздегі кейде қалып қоятын, көңілді түсіретін жағдай болып табылады. Балалық шақтан өткен жас жеткіншекке де осы тұста ЖОО-да да бойына патриоттық сезімді күйіп отыру қажет. Осы орайда қара шаңырақ ҚазҰУ әр түскен студентке ерекше көңіл аударып, түрлі іс-шаралар, патриоттық сезімге толы кештер ұйымдастырып келеді. Жоғарыдағы суретте С.Кемелжанова №6 жалпы орта мектепте балалардың білімі жайлы ой өрбітуде.

Осыған сәйкес, іс-шаралар тек қара шаңырақта емес, мектертерде де өткізілуде. Мақсат-біреу. Келешек студенттер бүгінгі оқушылардың ойланып жүргендегі бағытына аз да болсын көмегіміз тисе, біздегі мақсаттың орындалғаны.

Жаппар Т., Бейсенов Б., Хасанов М.

«ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ – ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

2021 жылдың 24 қарашасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына орай филология факультеті, түркология және тіл теориясы кафедрасы, аталған кафедраның 1-3 курс докторанттарының ұйымдастыруымен «Әлихан Бөкейханов – ұлт көшбасшысы» атты республикалық дөңгелек үстел онлайн форматта өтті. Дөңгелек үстел кезінде түрлі презентациялар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қорғалды. Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен атқарған қызметтері жайында видеоматериалдар көрсетілді.


Сол мақалаларға нақты тоқталатын болсақ, «Әлихан Бөкейхановтың саяси-құқықтық идеялары» атты баяндама, Виктор Козодой «Әлихан Бөкейханов: чело-век-эпоха», «Alikhan Bokeikhanov – the true leader» сияқты мақалаларға неше түрлі презентациялар қорғалды. Түркия мемлекетінде тағлымдамадан өтіп жатқан докторанттардың Түріктер Әлихан Бөкейхан туралы біледі ме? атты арнайы дайындалған интервью сияқты қызықты тақырыптар қозғалды.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов – қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. Әлихан Бөкейханның адамшылығы, қайраткерлігі мен кісілік қасиеттерімен ерекшеленді. Ол қазақтарды руға да, жүзге де жіктемеді, әлеуметтік мәртебесіне де, біліміне қарай да бөле-жармады. Қазақты біртұтас халық ретінде көргісі келді.

1905 жылдан бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (қадеттер) мүшесі болады. Осы жылы Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жақып Ақбаевпен бірге Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болды.

1905 жылдың күз айында ғалым-публицист Семей облысы қазақтарының атынан Ресей патшалығына 1-ші Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланады. Алайда ол дума жұмысына қатыса алмады. Себебі дала өлкесінің генерал-губернаторының негізсіз айыптауымен 3 ай Павлодар абақтасына жабылады. Әлихан Бөкейхановтың мұрасы әр салаға арналған мыңдаған очерктер мен мақалалардан тұрады. Олар Ресей мен қазақ елінің барлық басылымдарында жарық көрді. Зерттеуші ғалымның, көрнекті публицист Әлиханның экономика, әдебиеттану, ормантану, ауылшаруашылық салаларына арналған көптеген жазбалары сақталған.

1917 жылы Әлихан қазақ тарихындағы алғашқы саяси ұйым Алаш партиясын



ұйымдастыруға кіріседі. «Алаш» атауын Әлихан Бөкейхановтың өзі ұсынған. Ол ұсынған атау ұлтты ұйыстыруға мұрындық болатын тамаша идея болып шықты. Бұл идеяны Әлихан Бөкейхан Алаш қозғалысы пайда болғанға дейін-ақ әрдайым айтып жүрген еді. «Алаш» қозғалысының стратегиялық мақсаттарының бірі – Дала өлкесіне «земство», яғни жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жаппай енгізу. Земство енгізілген жағдайда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі күшейіп, белгілі бір аумақта жиналған салықты мектеп, аурухана, жол және тағы да басқа маңызды әлеуметтік нысандар құрылысын жүргізуге, яғни жергілікті инфрақұрылымды салып, дамыту мүмкіндігі болатын еді.

Мемлекеттік Думада тиесілі заң қабылдау арқылы Дала өлкесіне жаппай земство енгізуге ұмтылған Әлихан Бөкейханның түпкілікті көздегені қазіргі қазақ мемлекетінің, оның берік іргетасын қалау еді.

1920 жылы Алаш автономиясы тарих сахнасынан біржолата жоғалып, оның мүшелері қудаланады. Әлихан Бөкейханов Мәскеуге жер аударылып, сонда 10 жыл бойы ұй қамақта отырады.

Бутырка абақтысына қамалған Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1937 жылы 67 жасында Мәскеуде ату жазасына кесіледі. Әлиханның қабірін қайда екені жайлы мағлұмат тек 2007 жылы жария етілді. Ол Мәскеудегі Дон бауырластар зиратына көмілген. Міне, осындай қазақ еліне деген үлкен еңбегі мен құрбандығы үшін де оны ұлт көшбасшысы деп атауға тұрарлық. Қазіргі әртүрлі ақпараттар легі ағып жатқан уақытта ата-бабамыздың еңбектері туралы баяндалатын конференциядағы мақалалар керек- ақ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Лингвистика мамандығының 1 курс докторанты Уалиханұлы А Куратор-эдвайзер филология ғ.к, доцент Таусоғарова АҚ



Меншік иесі:

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ
МӘДЕНИ ҚОРЫ
Президенті және
«Түркі Әлемі» газетінің
Бас редакторы –
АХМЕТ ДАҒДҰРАН

Түркі халықтары Әйелдер
комитетінің төрайымы –
Дариға ТҰРЛЫБЕК

Газет 2000 жылдың шілдесінен айына
бір рет шығады
ИНДЕКСІ: 65862

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде тіркеліп,
29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.

«Europrint» баспаханасында басылды.
Мақала авторларының пікірі үшін редакция
жауап бермейді. Компьютермен терілген бес
беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет
Жарнама мен хабарландырудың мазмұнын мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.
Таралымы – 15 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:

Индекс 050012, Алматы қаласы,
Байтұрсынов көшесі, 145/26,
Ғабдуллин көшесінің қилысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: thmv_almati@mail.ru www.turkvakif.com

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
Дариға ЖҮНИСОВА
Ислам ЖЕМЕНЕЙ
Ахмет ТОҚТАБАЙ
Жарылқасын БОРАНБАЕВ
Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ
Тамара СУРА
Мақсұтхан ЖАҚЫП
Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА
Гаухар АСҚАРОВА

Редактор:
Арман ӘУБӘКІР

Техникалық редактор:
Фарида ТУҒАНБАЙ

Корректор:
Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

**ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕР-
ДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:**

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479,
90555214 0244 ұялы тел.

Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим
ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс
телефондары: 0030697811133, e-mail. dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин
КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы,
Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қотман
университетінің доценті – Байланыс телефондары:

Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@
hotmail.com, www.kenankoc.com Стамбұл (Түркия)

қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт
комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі. Байланыс
телефондары: 905336367050, e-mail. ahmettuzun2000@
yahoo.com Румыниядағы өкілі Гольшен ИСМАИЛ,

Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі Байланыс
телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.